

2 Авакьян С.А. Конституционное право России: Учебный курс. – В 2 т. Т.1 – М.: Юристъ, 2005. – 719 с.

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды(өзгерістер мен толықтырулармен бірге)// adilet.zan.kz

4 Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы конституциялық заңы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсан// adilet.zan.kz

**Исенова А.Ж.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, Ю-33 тобы, студент

*(Ғылыми жетекші – з.ғ.м, аға оқытушы Тоқатов Р.А)*

## **ЦИФРЛАНДЫРУ СЕКТОРЫН ҚОЛДАЙТЫН ЗАҢ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ. ҚҰҚЫҚТАНУ САЛАСЫНДА ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ҚОЛДАНУ**

Заманауи қоғамда күн санап технологиялардың дамып, барлығы цифрлық жүйеге көшіп жатқанын байқауға болады. Цифрландыру технологияларын әлемнің сегізінші кереметі десек те болады. Жалпы, цифрландыру (диджитализация) бұл деректер негізінде цифрлық шынайылық жағдайында өзгертілу формасы. Ең алдымен цифрландыру негізінен жаңа бизнес-үдерістерден, ұйымдық құрылымдардан, ережелерден, регламенттерден, деректер үшін жаңа жауапкершілік туындауынан, жаңа рөлдік модельдер пайда болуын қалыптастырады. Негізгі міндеті деректерді стратегиялық тұрғыдан басқару болып табылады. Цифрландыру тек технологияларды қолданумен шектелмейді. [6].

Цифрландырудың екі секторын ажыратуға болады, олар: біріншісі, шартты түрдегі виртуалды сектор және екіншісі, шартты түрдегі нақты компаниялардың секторы. Әрбір сектордың өзіне тән ерекшелігері бар. Шартты түрдегі виртуалды секторға байланыс операторлары, БАҚ, жаңа цифрлық экономикалық компаниялардың түрлері (онлайн дүкендер, агрегаторлар, маркетинг-плейстер), қаржы секторы ұйымдары жатады. Бұл сектордың негізгі құндылығы клиенттер туралы деректер. Негізгі мақсаты клиенттер туралы деректерді қолдануда тиімділікті арттыру болып табылады. Бұл индустрияда тікелей клиентпен жұмыс жасалып, оның талғамына қарай ыңғайласады. Шартты түрде нақты компанияның секторы негізінен физикалық әлемнің активтеріне негізделуін қамтиды. Олар үшін активтердің цифрлық контенттерін жасау үшін деректер жиналуы қажет. Мұндай цифрлы егіздердің кәсіпорынның сандық егіздеріне біріктіруі керек. Сандық серіктестер кәсіпорынның жасырын қорларын іздестіру үшін олар туралы гипотезаны талдай алады және тексере алады.[5]. Бұл секторда өзекті болып big data технологиясын, болжамды аналитика және ғаламторлық заттар құрайды. Big data негізінен қазақ тіліне нақты аудармасы үлкен деректер деп түсіндіріледі, яғни құрылымдық және құрылымдық емес айтарлықтай ірі көлемді әрі әртүрлі мәліметтерді түрлі масштабтағы бағдарламалардағы, дәстүрлі мәліметтер базасын басқарудың баламалы құрылғылары. [8, б. 8]. Мысалы, қарайым күнделікті барлығымыз барып жүретін азық-түлік дүкендерінде әр зат өз орнында болмаса, егер жемістер мен нан тағамдары бірге тұрса көп келенсіздіктер әкеледі, сондықтан осы сәтте үлкен деректерді пайдалану қажеттілік туғызады. Қарапайым түрде, үлкен деректер бізге әр нәрсенің орналасуын және түрлі ақпараттарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Үлкен деректердің «үш V» тәрізді қасиеттерін көрсетеді:

- Жылдамдық (Velocity);
- Көпжактылық (Variety);
- Көлемі (Volume).[8, б. 5].

Негізінен цифрландыру деген ұғым 1995 жылы ақпараттық коммуникациялық технологиялардың дамуымен пайда болған. Ғаламтор мен ұялы байланыс жүйелерінің дамуы цифрландырудың бастамасы ретінде қалыптасады.[6].

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2017 жылы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа жолдауында Үкіметке цифрландыруды ендіру туралы тапсырма берген болатын. [4]. Президенттің айтуы бойынша: «Біз тәуелсіздік жылдары ішінде әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына қосылдық. Қазір озық дамыған 30 елдің қатарына ену міндеті тұр. Ол Қазақстаннан жаңа инновациялық дамуды және жедел технологиялық жаңғыруды талап етеді. Сондықтан мен осы жылдың басында Қазақстан халқына арнаған жолдауымда Үшінші жаңғыру жөнінде жарияладым. Оның негізі цифрландыру болып табылады». Жалпы цифрландыруды елімізге енгізу ол бізге міндет емес, ол біз үшін жаңа заман талабына сай бола білу. Біздің елімізде технологиялардың дамуы бәсең болғандықтан елбасымыз ІТ-стартаптар өткізілуіне тапсырма берген

болатын. Сонымен қатар, осы әрекеттерден кейін елімізде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы іске асты. Тұтастай алғанда, бұл бағдарламаның негізгі мақсаты - қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру әрі елімізде цифрландыру жүйесін қолданысқа енгізу. Құжатты жүзеге асыру шеңберінде 2020 жылға дейін ғаламтор қолданушылардың санын 80 пайызға дейін арттыру, тұрғындардың 95 пайызын цифрлық хабар таратумен қамту, азаматтардың цифрлық сауаттылығын 80 пайызға дейін арттыру көзделуде. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының негізі «Зерде» ұлттық холдингінің базасында әзірленген болатын. Холдинг төрайымы Әсел Жиенбаеваның айтуынша, «Цифрлық Қазақстан» тек бір ғана IT саласын емес, қоғамдағы өзге де салаларды дамытуға бағытталады. Жоба негізгі 4 бағыт бойынша жүзеге асатын болады. Бірінші бағыт – ауыл-аймақты кең жолақты ғаламтормен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру. Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлық технологияны ендіру. Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру және төртінші бағыт – IT-мамандарды даярлау. Бұл жоба 2022 жылға дейін жүзеге асырылуы қажет. [4]. Цифрландыру саласына бюджетімізден шамамен 141 миллиард теңге қаржы бөлінеді деп жоспарлануда. Қазақстан барлық қатынастарды цифрландыруға көшкенін байқауға болады (жер телімі, жылжымайтын мүлік қатынастары тіпті мәдениет саласында да). Осы бағдарлама аясында «Ақылды қала атты» жүйесін дамыту қолға алынып отыр, әзірге құрамына Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Ақтөбе қалаларын қосады. [5].

Осыншалық қаржы бөлініп, жылдан жылға өркендеп тұрған бұл салада шешілмеген мәселе жоқ емес. Біздің елімізде әлі күнге дейін цифрландыру саласын реттейтін заң, нормативтік актілер жоқ. 2018 жылы Парламентте цифрландыру туралы заң жобаларының кешенді пакеті енгізілмеген еді. Ал, Ұлттық Банк криптовалюта елімізде ресми тыйым салынатыны жайлы хабарлады. Егер цифрландыру саласын құқықтық реттелмесе оны қоғамдық қатынаста пайдалану көптеген келеңсіздікке әкеп соқтыруы мүмкін, өзге елдерге қарағанда артта қалып қоюымыз мүмкін. Сонымен қатар, бұл салаға бюджетімізден қыруар ақша бөлініп отыр. Қарапайым мысалды қарастырсақ, елімізде 2020 жылға дейін барлық кітапханалар цифрландыру жүйесіне енгізілуі қажет, бірақ «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңына сәйкес авторлардың рұқсатынсыз шығармаларды электронды жеткізгіштерге енгізуге болмайды. Осындай жағдаяттар жеткілікті және осы келеңсіздіктер әсерінен бізге цифрландыру аяқ асты келгенін байқауға болады.

Цифрландыру заңдастыруда шетелдік тәжірибеге көз жүгіртіп өтсек. Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путиннің айтуы бойынша цифрландыру әлемдік саясатта басымдылық әкелетін күш, болашаққа бастаған айқын жол. РФ-да цифрландыру туралы бағдарлама қабылданған, бірақ ол бағдарлама 2024 жылға дейін қабылданған. Заңнамалық тұрғыдан әлі бекітілмеген, тек жобасы жасақталған. [6].

Германия Федеративтік Республикасында цифрландыру саласында мәселе шиеленісіп тұр. Бірақ, цифрландыру саласындағы қатынастарды реттеу заңмен бекітілген. Бұл заңда электронды үкіметтің реттелуі, бірыңғай цифрлық нарық, ғаламтор және оның сапасы жайлы нақты реттеліп өткен. Көптеген заңгер ғалымдардың айтуынша бұл елдің заңы азаматтарға қысым көрсетіліп жатқанын жасырмайды. [7, б. 54].

Қытай Халық Республикасында цифрландыру саласы егжей тегжейлі реттелген. Қатынастары нақты заңмен қарастырылған, егер құқықбұзушылық орын алса мыңдаған есе айыппұл салыну жағдайы көрсетілген. Бұл республикада цифрландыру бағдарламасы 2049 жылға дейін жалғасын табады. [7, б. 83].

Негізінен цифрландыру саласын құқықтық реттеу дәстүрлі құқықтық жүйеге өзіндік қауіпін туғызды. Бірінші мәселе, қарапайым құқық субъектілеріне тоқталсақ, дәстүрлі түрде құқық субъектілері болып жеке, заңды тұлғаларды және мемлекетті жатқыза аламыз. Ал, цифрландыру яғни виртуалды қатынасқа келгенде мәселенің аясы өзгереді, себебі, виртуалды қатынас шынайы қатынастардан едәуір түрде айырмашылығы бар. Виртуалды өмірде нақты, болжамды заңды салдар туындамайды. [1, б.19]. Тағы бір күрделі мәселенің бірі бұл - идентификация. Бұл жерде субъектілер бүркеншілік (nickname) атпен отыра алады, IP мекен жай барлық жағдайда жүзеге асатынына кепілдік жоқ. Сонымен қатар, қазір ғаламтордан азаматтарға қатысты деректерді заңды түрде еш қиындықсыз алу жолдары да жеткілікті. Тағы айта кетерлік мәселе, кез келген адам жасы келген немесе басқа жағдайлардан болуы мүмкін биологиялық түрде өмір сүруін тоқтатады, ал цифрлық өмірде бұл қиын. Яғни адам, азамат өмір сүруін тоқтатқанмен цифрлық деректерде ол өшірілмейді. Кейбір мемлекеттерде бұл адам және азаматтардың құқығына қайшы деп танылады. Мысалы, Франция Республикасының «Электронды үкімет туралы» 2016 жылдың 7 қазанындағы заңы бойынша әрбір азамат өсиет арқылы өзі туралы ақпаратты базадан алып тастауына құқылы.

Еуропалық Одақ елдерінде цифрлық құқықтар деген түсінік те кездеседі. Тағы бір мәселе, цифрландырумен қатар біздің қатынасымыз да «Жасанды интеллект» атты жаңа субъект пайда болады. Еуропалық Парламентте роботтардың құқықсубъектілігі жайлы нормалар қабылданып үлгерген. [1, б. 45]. Батыста бұл әлі даулы мәселе болып тұр. Осы жерде роботтардың әрекеттеріне кім жауапты болады, тұтынушы ма әлде дайындаушысы бола ма деген маңызды сұрақ туындайды. Сонымен қатар, ғаламтордың одан әрі дамуымен біз провайдерлердің, блогерлердің құқықтық статусын бекітуіміз қажет.

Екіншіден, біз цифрландыру қатынасындағы құқықтық объектке назар аударуымыз қажет. Және шетелдік тәжірибеге сай ақпаратты құқықтық объект ретінде қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Себебі қазіргі кезде ақпарат- бұл бағалы мұнайдың жаңа түрі тәрізді. Ақпаратқа қол жетімділік жеке және жария құқықта да басты негіз тәрізді. Ақпарат бұл кез-келген құқық саласында әрекет ететін әмбебап объект. Яғни, цифрландыру саласын заңдастырған кезде құқық бейімденушілік қасиетке негізделіп арнайы нормалар қарастырылу қажет. Цифрландыру саласында субъектілер арасында виртуалды болса да құқықтық қатынас туындайды. Сондықтан, осы қатынасты қажеттілігінше заң аясында реттелуі қажет. Азаматтық Кодексте шарт жасалу үшін екі немесе одан да көп тараптың еркін қажет етеді, әрине виртуалды өмірде бұл орын ала бермейді. Сондықтан, «ақылды шарттар» жобасы жасақталуда.[2, б. 33].

Осы мәселелерді қолға алып, біз Қазақстан Республикасында цифрландыру туралы заң жобасын әзірлеуіміз қажет деп ойлаймыз. Яғни, заң аясында цифрландыру ұғымын, оның реттелуін, цифрландыру саласында саясат бағыттарын айқындап, жаңа субъективті құраммен жасақтап, объектілер аясын кеңейту шараларын қолға алуымыз қажет.

Цифрландырудың құқықтану саласындағы орнына тоқталып өтейік. Қазір цифрландыру қоғамның барлық салаларында дерлік бар. Тек құқықтану саласында цифрландыру консервативті түрде қабылданды. «Сбербанк» басшысы Герман Греф цифрландыру жүйесі жайлы білімі жоқ заңгерлер заң мамандығын ұмыту қажет деген пікірін жеткізді. Біз цифрландыруды құқықтану саласына қауіп деп айта алмаймыз, бірақ кейбір шешілмеген нюанстар бар. Кейбір ғаламдардың айтуы бойынша жақында заңгерлердің барлығын жасанда интеллектпен ауыстыруға болатынын айтып жеткізді. Бірақ заңгерлер тікелей азаматтармен жұмыс жасағаннан кейін ешқандай жасанды интеллект алмастыра алмайды, себебі бұл жерде тікелей қатынас қажет. Жалпы заңгерлердің мамандығы құқықшығармашылықпен тығыз байланысты. Соған қарамастан заңгерлер тікелей ақпараттық-құқықтық жүйемен тығыз байланысты. Елімізде сот органдары, құқыққорғау органдарына жүктемені азайту үшін цифрландыру жүйесін қолданып келеміз, сонымен қатар заң саласына қатысты ақпараттық порталдар қызметті жеңілдетуге өз септігін тигізіп жүр. Сол себепті заңгер мамандарды дайындаған кезде тек дәстүрлі білім беру аясымен шектелмей, цифрландыру саласын меңгеруді де назарға алу қажет.

Цифрландыру болашақта біздің өміріміздің айнымас бөлшегіне айналып келеді. Цифрландыру еліміздің әл-ауқатын асырып, бәсекеге қабілетті бола алатынымыздың кепілі. Сол себепті заң саланы заң аясында реттеу маңызды болып табылады. Біз заңгер ретінде әлемдік тәжірибені негізге алып, тиімді заң жобасын жасайтынымызға сенімдіміз. Себебі, цифрландыру – серпінді дамудың өзегі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Азизов Р.Ф. Правовое регулирование в сети Интернет: сравнительно историко-правовое исследование: автореф.СПб.,2017.-223 с.
2. Бачило И.Л. Государство и право XXI в. Реальное и виртуальные.М., 2012.-146 с.
3. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы
4. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы.Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысы.- Электронды ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
5. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы – халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жоба: [https://bnews.kz/kz/analysis/analytics/tsifilik\\_kazakistan\\_bagdarlamasi\\_haliktin\\_alaukatin\\_arttiruga\\_bagittalgan\\_zhoba](https://bnews.kz/kz/analysis/analytics/tsifilik_kazakistan_bagdarlamasi_haliktin_alaukatin_arttiruga_bagittalgan_zhoba)
6. Цифровизация: история и перспективы.- Электронды ресурс: <http://www.up-pro.ru/library/strategy/tendencii/cyfrovizaciya-tend.html>
7. Биткина И.В., Липатова И.В. Цифровое правительство: необходимые преобразование и риски: ЛитРес., 2018. .- 116 с.
8. Майер-Шенбергер В., Кукьер К. Большие данные.Революция, которая изменит то, как мы живем, работаем и мыслим.М.2014.С.17.